1) Жаңбыр суын әкететін немесе дренажды қонализация үшін – 0,1 м және одан көп;

2) Кәріз және жылу тасымалдайтын құбырларға дейін – 0,2 м және одан көп;

3) Электр желілеріне дейін – 0,5 м және одан көп.

Жұмысшыларға жұмыс барысында қауіп төну коэффициентін азайту мақсатында оларды қасқамен қамтамасыз ету. Газ жүргізу жұмыстарын жүргізгенде жұмыс алаңы қауіпсіз болу үшін арнайы мамандандырылған жұмысшылар керек.

1.7 Жер астымен жүргізілетін газ құбырларының артықшылығы

Ал енді жер астымен жүргізілген газ желісінің артықшылығы туралы айтып өтейін. Жер асты газ құбырларын жүргізу үшін полимерлі құбырлар қолданылады. Газды жер астымен жүргізген кезде ескеру керек бірнеше нарсе бар: құбыр материалы, қазылатын траншеяның тереңдігі және жалпы магистральдың ұзындығы. Траншеяның тереңдігін газ жүргізілетін аймақтың топырақ түріне қарап анықтаймыз. Жер астымен газ тартудың артықшылықтары, сыртқы күштердің әсерінен газ құбырларының зақымдануы азаяды, жер астында тұрақты температурада орналасқан, сонымен қатар газ

құбырлары зақымданған кезде қоршаған ортаға тигізетін зияны азаяды.

Газ құбырларын төсеудің жерасты әдісінің артықшылықтары:

- механикалық зақымданудан жоғары қорғаныс;
- электр разрядтарынан жоғары қорғаныс;
- өрттің әсерінен жоғары қорғаныс;
- температураның төмендеуінен жоғары қорғаныс;
- жоғары эстетикалық қасиеттер;
- газ құбырының қызмет ету мерзімін ұлғайту.

Елді мекендердің аумағы бойынша жерасты газ құбырларын трассалау газ құбырлары мен олардан тұрғын үйлерге тармақтардың ең аз ұзындығын, сондай-ақ жер үсті құрылыстарынан және қысымсыз жерасты коммуникацияларынан барынша алыстауды қамтамасыз етуге тиіс.

Газ құбырларын төсеу кезінде келесі объектілерден мүмкіндігінше алыс жолды таңдау керек:

- жылу құбырлары мен су құбырлары;
- кәріз коллекторларының;
- коммуникациялық ұңғымалар;
- жерасты қораптары;
- табиғи немесе жасанды жер асты қуыстары;
- ғимараттар мен құрылыстардың жертөлелері.

2 Құрылыс өндірісінің технологиясы

2.1 Төменгі қысымды газ жүйелерін орналастыру жұмыстары

Газ құбырларын жүргізу мынандай ретпен орындалады, орналастыратын құбырларды траншеяға қою, кіргізуін ұйымдастырады, үй ішіне негізінен газды арнайы компаниялар істейді. Газ құбырларын дәнекерлеумен арнайы мамандандырылған жұмысшылар айналысады. Құбырлар сапасын жыл сайын тексереді. Дәнекерлеушілер Госгортехнадзордың шарты бойынша дипломдалған, еңбек стажы бар адамдар болуы тиіс немесе тәжірибелі мамандардың бақылауында болуы керек. Газ құбырларын басқа жүйе құбырларымен бірдей монтаждайды, әйтсе де өте қауіпті болғандықтан маманның тәжірибесіне деген шарттары да қатаң болады; құбырлар дәнекерлеумен жалғанады. Газ құбырлары дәнекерленген орындарға өсімдік қабаттарын орналастыруға болмайды.

2.2 Дайындық жұмыстары

Құрылыс жұмысының басында мынадай іс-әрекеттер орындалады:

а) жұмыс жүргізілетін ауданды қызыл түсті ленталармен қоршап, сол аймақтан бірнеше метр алшақта көлік жүргізушілеріне ескерту тақталарын қою және жұмыс аймағын жеткілікті түрде жарықтандыру керек;

б) орнатылған қоршауда жұмысқа жауапты мекеменің және адамның аты-жөні жазылып тұруы керек;

Құбырлар көше бойымен төселетін болғандықтан тұрғындар мен көлік құралдарының қозғалысы ескерілетін болады, яғни жергілікті жағдайлар ескерілетін болады. Өтенай елді мекенінде негізінен асфальт болмағандықтан, асфальт қабатын ысырып алып тастау қажет етілмейді, жұмыс жүргізілетін аймаққа қаоршау орнатылады. Және тұрғындардың қозғалысын тежемес үшін 300 метр сайын уақытша арнайы көпіршелер қойылады. Жұмыс жүргізу барысында пайда болған қоқыс материалдарын арнайы тағайындалған қоршауы бар немесе қала сыртындағы белгіленген орындарға ғана тастауға болады. Жер жұмыстарын жүргізу барысында техникаларды топырақ түріне, жұмыс көлеміне қарап тандаймыз. Газ құбырларының жолдарын жобалау сызбасын бөлу қосымшасын акт арқылы бекітеді. Актқа жоғарыда атап өткен жауапты тұлға қол қояды.

Жобалауға арналған мәліметтер:

а) есептелетін учаске ұзындығы – 26000 м;

б) құрылыс аймағында – саз;

в) трассаны төсеу жағдайы –

г) құбырлардың диаметрі – 219x6, 159x4,5, 133x4, 114x4, 108x4, 89x3, 88,5x40, 70x3, 60x3, 57x3, 48x3,5, 42,3x3,2, 38x3, 33,5x3,2, 26,8x2,8, 21,3x2,8 мм

д) бастапқы құрылыс

- е) құрылыстың мөлшерлі уақыты 3 ай;
- ж) төсеу әдісі – жер асты ;
- з) сейсмикалық төзімділігі 9 балл;

2.3 Жер жұмыстары

- а) Траншеяның тереңдігін анықтау

$$h = h_{тқ} + (0,2 \dots 0,4) + Д, м. \quad (2.1)$$

$$h = 1,17 + 0,3 + 0,219 = 1,689 м$$

мұндағы 0,2...0,4 – оқшаулағыш қабаты;
 Д – құбыр диаметрі;
 $h_{тқ}$ – топырақтың қату тереңдігі.

- ә) Траншеяның түпкі енін анықтаймыз:

$$b = Д + 0,3 = 0,219 + 0,3 = 0,519 м \quad (2.2)$$

мұндағы $Д < 1000 \text{ мм} = 0,3$

- б) Траншеяның үстіңгі енінің ұзындығы:

$$B = b + 2mh, м \quad (2.3)$$

$$B = 0,519 + 2 \cdot 0,5 \cdot 1,689 = 2,21 м$$

мұндағы m – еңіс коэффициенті;

- в) Траншеяның ауданын анықтаймыз:

$$F = \frac{b + B}{2} \cdot h, м^2 \quad (2.4)$$

$$F'_т = \frac{0,519 + 2,21}{2} \cdot 1,689 = 2,3 м^2$$

- г) Траншеяның көлемін анықтаймыз:

$$V_{ор} = f \cdot l = 2,3 \cdot 26891 = 61849,3 м^3 \quad (2.5)$$

мұндағы l – құбыр ұзындығы.

- д) Құбыр көлемі келесі формуламен анықталады:

$$V_k = \pi \cdot \left(\frac{D}{2}\right)^2 \cdot L, \text{ м}^3 \quad (2.6)$$

$$V_{\text{тр}} = 3,14 \cdot \left(\frac{0,219}{2}\right)^2 \cdot 67094 = 2526,04 \text{ м}^3$$

е) Төселген құбырлар үстіне қайта жабылатын топырақ көлемі:

$$V_{\text{қ.т.т}} = V_{\text{ор}} - V_{\text{қ}}, \text{ м}^3 \quad (2.7)$$

$$V_{\text{қ.т.т}} = 61849,3 - 2526,04 = 59323,26 \text{ м}^3$$

2.4 Монтаждық жұмыстар

Біз газ желісіне полиэтилендік құбырларды таңдағандықтан дәнекерлеу жұмысы арнайы электрлік муфталық DRG/V-500 құрылғысымен жүзеге асады. Бұл құрылғының жұмыс істеу принципіне келер болсақ, жалғау керек екі құбырды түзу етіп кесіп аламыз. Содан кейін құбырлардың ішін тазалап алып темір муфтаны екі құбырға кигіземізде құрылғыны осы муфтаға жалғаймыз. Содан кейін муфтадағы арнайы штрх кодты сканерлейміз, кейін құрылғы өзі құбырлардаың жалғануына қанша минут кететінін көрсетіп, жұмысқа кіріседі. Уақыт біткесон қайтадан құбырлар мен муфтаның салқындауына қанша минут кететінін де көрсетеді. Бірақ ол кезде біз келесі құбырларды дәнекерлеуге көше аламыз.

Кесте 2.1 - DRG/V-500 құрылғысының сипаттамасы

Аталуы	Өлшемі
Диаметрі	63 мм – 250 мм
Қуат тұтынуы	3,05 кВт
Қуат кернеуі	230В, 50/60 Гц
Тасымалдау жәшігінің өлшемдері	120x80x85 см
Салмағы	117,9 кг

Негізгі құрылыс машиналарын таңдау

Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін, әсіресе траншеяларды қазу үшін бізге эксковатор қажет. Менің жағдайымда мен құрылыс жұмыстарына тиімді деп SUKUROVA 884 эксковатор тиегішін таңдадым. Бұл эксковатор тиегіш түрін таңдау себебім құрылыс жүргізілетін көшелер үшін сипаттамалары сәйкес келеді. Атап айтақанда машинаның ені шелегімен (ковш) қосқанда 2,4 м, ал ұзындығы 6,1 м. Сонымен қатар дөңгелекен қозғалады. Бұл түрін таңдау себебім асфальтталған кейбір бөліктерінде шынжыр табанмен қозғалу асфальтқа зақым келтіреді.

Кесте 2.2 - СУКУРОВА 884 эксковатор тиегішінің сипаттамасы

Аталуы	Өлшемі
Шелек сыйымдылығы	1,1 м ³
Шелектің ені	2400 мм
Номиналды жұмыс сыйымдылығы	3367 кг
Макс. Шелек тарту күші	70,8 кН
Экскаватор шелегінің сыйымдылығы	0,18 м ³
Шелектің ені	600 мм
Жалпы ұзындығы	6100 мм
Толық жалпы биіктігі	3840 мм
Кабинаның биіктігі	2960 мм
Шөмішпен ені	2400 мм
Тиегіштің түсіру биіктігі	2950 мм
Тиегішті түсірудің минималды диапазоны	790 мм
Макс. қазу тереңдігі (тұтқасы босатылды)	5700 мм
Макс. қазу тереңдігі (тұтқасы бүктелген)	4600 мм

Жұмыс процесін және адам еңбегін жеңілдету үшін кран таңдау

Бұл дипломдық жұмыста кран таңдалмады. Себебі, жалпы жұмысты алып қарасақ ешқандай аса ауыр материал да құрылғыларда жоқ. Құбырымыз біздің полиетилендік болып табылады, яғни салмағы ауыр емес пластик құбырларға жатады. Демек жалпы жұмыс адам еңбегін еш ауырлатпайды сол себептен де кран таңдау қажет емес.

Басқа көліктердің қажеттілігі

Құрылыста қажет болатын тағы бір көлік түрі Яс Truck Dump сомсвалы қажет болып табылады. Ол көлік құрылыс алаңына құбырларды тасу үшін және құрылыс алаңында жиналған қоқыстарды тасу үшін керек.

$$K = \frac{V_k \cdot K_T}{K_k}, \text{ м}^3 \quad (2.8)$$

$$K = \frac{0,18 \cdot 0,8}{0,3} = 0.48 \text{ м}^3$$

мұндағы V_k – эксковатордың шөмішінің көлемі;

K_T - ковштың толы коэффициенті;

K_k – топырақтың бетін қазу коэффициенті;

Экскаватор шелегіндегі топырақтың массасы:

$$Q = K \cdot \gamma, \text{ т} \quad (2.9)$$

$$Q = 0.48 \cdot 1.6 = 0.768 \text{ т}$$

мұндағы γ – топырақтың массасы.

Машианның артына эксковатор қанша шелекпен топырақ толтыра алатынын есептеу:

$$N = \frac{P}{Q} \quad (2.10)$$

$$N = \frac{7}{0.768} = 9$$

мұндағы P – машинаның жүк көтергіштігі:

$$V = V_{\text{топ}} \cdot N, \text{ м}^3 \quad (2.11)$$

$$V = 0,48 \cdot 9,11 = 4 \text{ м}^3$$

2.5 Еңбек қауіпсіздігі

Құрылыс алаңында әртүрлі жағдайлар орын алуы мүмкін. Ал еңбек қауіпсіздігі дегеніміз адамдардың еңбек өтімділігін арттыру, олардың құқығын қорғау, қажет болған жағдайда олардың денсаулығын сақтау үшін қажет. Еңбекті қорғау шарттары-ең биік еңбек өнімділігі, жұмысшының жарақаты мен абайсызда болған жағдайлардың әсерінен болған сәттерде жұмысшыға көмек көрсету. Аяқ асты бір жағдайдың орын алуы мүмкін немесе жұмысшыға қауіп төнуі мүмкін, қолданылатын техникадан зиянды заттар бөлініп қызметкерлерге зиянын тигізуі мүмкін. Бұның барлығы қызметкерлерге жазатайым жағдай орын алып қалған жағдайда өмірлік өтемақы төлеу қажет болады. Демек еңбек қауіпсіздігі жұмыс өнімділігін және жұмысшылар қауіпсіздігін арттыруға керек. Бұл іс шара қалай жүргізіледі? Әр жұмысшы өзіне жүктелген, қызметіне орналасқанда істеуі керек болған аймақта ғана жұмыс істеуі керек. Мысалы, дәнекерлеушілер тек дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуі керек. Сонымен қатар олардың өзі куәліктерінде көрсетілген дәрежеде ғана істеу алады. Ең басында адамдарға міндетті түрде түрде қауіпсіздік ережесімен таныстыру жүргізіледі.

3 Экономикалық бөлім

Құрылыс жұмысында экономикалық бөлімнің маңыздылығы онда жұмсалатын шығындардың барлығын қадағалау болып табылады. Жұмысшыларға төленетін жалақы, техникаларды жалдау, материалдарды сатып алу т.б барлығы қаржылай шығын жатады. Осының барлығын таңдау барысында салыстырып қарау болып табылады. Мысалы, материал таңдағанда әртүрлі бізге жарамды маркалы құбырларды әртүрлі дүкендерден қарау арқылы ең арзан нұсқасын табуға болады. Осының арқасында бізге керек бюджеттің санын азайтуға болады.

Менің дипломдық жобамда құбырлар жер үстімен жүргізілгендіктен полиэтилендік құбырларды таңдаған болатынымын. Себебі бұл құбыр түрлері тек жер астымен газ жүргізген кезде ғана қолданылады.

Полиэтилен газ құбырларының болатпен салыстырғанда негізгі артықшылықтарына мыналар жатады:

1) Жоғары коррозияға төзімділік: бұл құбыр жүйелерінің беріктігін қамтамасыз етеді және күрделі жөндеу шығындарын азайтады.

2) Беттің кедір-бұдырлығы төмен: газ тасымалдау тиімділігін жақсартатырып, минималды гидравликалық қарсылықты қамтамасыз етеді.

3) Өсіп кетуге төзімділік: полиэтилен құбырлары өсіп кетуге бейім емес, бұл олардың өткізу қабілетін жоғары деңгейде сақтайды.

4) Жоғары электр кедергісі: катодты қорғауды және күшейтілген оқшаулауды қажет етпестен күшті электр өрістері аймақтарында құбырларды жүргізуге мүмкіндік береді.

5) Төмен дыбыс өткізгіштік: полиэтилен құбырларының дыбыс өткізгіштігі төмен, бұл жүйеде шуды азайтады.

6) Құбырлардың икемділігі: пластикалық құбырлардың икемділігі олардың айтарлықтай деформациялануына мүмкіндік береді, бұл топырақ жүктемесінің біркелкі таралуына ықпал етеді және құбырлардың тиімді жүктемесі мен деформациясын азайтады.

Негізгі күрделі салымдар сатып алуға жұмсалады:

- Газ реттеу орыны;
- Құбырларды дәнекерлеу құрылғысы;
- Құрылыс – монтаждық жұмыстары;

$$K = K_{\text{грп}} + K_{\text{д}} + K_{\text{қмж}}, \text{ тг} \quad (3.1)$$

$$K = 2\,600\,000 + 771\,469 + 674\,293 = 4\,045\,762 \text{ тг}$$

Шкафтық газ реттеу пунктiнiң құны ГРПН-300 үшiн:

$$K_{\text{гро}} = 650\,000 \cdot 4 = 2\,600\,000 \text{ тг}$$

Құбырларды дәнекерлеуге арналған V – WELD ME 250 құрылғысының бағасы – 771 469 тг

Құрылыс – монтаж жұмыстары жоғары аталған күрделі салымдардың 20%-ын алады және формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{қмж}} = 0,2 \cdot (2\,600\,000 + 771\,469) = 674\,293 \text{ тг}$$

Табиғи газдың жұмыс массасының төмен жану жылуы:

$$b_t = \frac{0,03 \cdot 29,3}{30} = 0,02$$

Табиғи газдың жылдық шығыны газ шығысының үлестік көрсеткіштеріне сүйене отырып айқындалады:

$$B_T = b_t \cdot Q_{\text{жыл}}, \frac{\text{тг}}{\text{жыл}} \quad (3.2)$$

$$B_T = 0,02 \cdot 13,18 \cdot 10^6 = 263\,600 \frac{\text{тг}}{\text{жыл}}$$

Газдың шығындары, оның бағасы, көлік шығындары өрнек бойынша анықталады:

$$C_T = B_T^{\text{жыл}} + Ц_T, \frac{\text{тг}}{\text{жыл}} \quad (3.3)$$

$$C_T = 263\,600 \cdot 5285,6 = 1,39 \cdot 10^9 \frac{\text{тг}}{\text{жыл}}$$

Жылдық амортизациялық аударымдар құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнынан және жабдықтың құнынан аударымдар сомасы ретінде анықталады:

$$C_a = \frac{H_{\text{қм}} \cdot K_{\text{қмж}}}{100} + \frac{H_{\text{ж}} \cdot K_{\text{жк}}}{100}, \frac{\text{тг}}{\text{жыл}} \quad (3.4)$$

$$C_a = \frac{2 \cdot 2\,629\,745}{100} + \frac{5 \cdot 1\,416\,016}{100} = 123\,394,9 \frac{\text{тг}}{\text{жыл}}$$

Күрделі жөндеу шығындары күрделі салымдардың пайызымен анықталады: ғимарат бойынша – 1,5% ; жабдық бойынша – 4%:

$$C_a = \frac{N_{\text{қм}} \cdot K_{\text{қмж}}}{100} + \frac{N_{\text{ж}} \cdot K_{\text{жқ}}}{100}, \frac{\text{тг}}{\text{жыл}} \quad (3.5)$$

$$C_a = \frac{1,5 \cdot 2\,629\,745}{100} + \frac{4 \cdot 1\,416\,016}{100} = 96\,086,8 \frac{\text{тг}}{\text{жыл}}$$

Жылдық жалақы қоры $K_{\text{шт}}$ адам/мВт болжамды штаттық коэффициенті және формула бойынша бір жұмысшының орташа жалақысы арқылы анықталады:

$$C_{\text{жыл}} = Q_{\text{уст}} \cdot K_{\text{шт}} \cdot Z_{\text{ор}}, \frac{\text{тг}}{\text{жыл}} \quad (3.6)$$

$$C_{\text{жыл}} = 40 \cdot 0,6 \cdot 120\,000 = 2\,880\,000 \frac{\text{тг}}{\text{жыл}}$$

Әлеуметтік мұқтаждарға аударымдар жылдық жалақы қорынан пайызбен айқындалады; $C_{\text{жыл}}$ - дан 26%:

$$C_{\text{ам}} = 0,26 \cdot 2\,880\,000 = 748\,800 \frac{\text{тг}}{\text{жыл}}$$

Жұмыс шығынына қатысты бөлім Б.2-кестеде көрсетілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жобада Өтенай елді мекенін алу себебім, бұл аймақта газ жүргізілмеген және өзімнің Талдықорған қалама қарасты болғандықтан алдым. Сонымен қатар бұл жерде жер үйлер көп салынғандықтан тұрғындарға ұзақ уақыт бойы газ жүргізілмеген. Ал газ болса өз кезегінде адамдардың күнделікте өмірдегі қолданысына аса қажет болып табылады. Газ жүргізу барысында мен ең алдымен аудандағы адамдардың жалпы санын, елді мекеннің жалпы ауданын тауып алдым. Содан кейін осы жерде орналасқан тамақтану, наубайхана, қоғамдық мекемелер сынды ғимарат түрлерін анықтап, артынша жалпы бір жылда қолданылатын газ шығынын анықтап алдым. Одан да бөлек маңызды есептеулер жүргізгеннен кейін ауданда қанша газ реттеу орындарының (ГРО) болатынын тауып алып, оларды аудан бойынша орналастырып шықтым. Орналастырылған ГРО – лар арқылы артынша олардың гидравликалық есебін мен аппараттық жағдайдағы есептерін анықтап кесте құрдым. Келесі кезекте маңызды бөлнмдерінің бірі технологиялық жұмыстары болды. Бұл бөлімде қазылатын траншеяның өлшемдерін анықтап, қолданылатын техника түрлерін таптым. Сонымен қатар әр жұмыс түріне қанша уақыт кететінін көрсететін күнтізбелік кесте даярлап, соңында барлық материалдарға, жұмысшылар мен техникаларға, т.б қанша қаражат кететінін анықтап жалпы суммасы жазылған кесе құрдым.

Бұл дипломдық жұмыс бізге газ жүргізу жұмыстарының қаншалық көп детальдарды қажет ететінін және жалпы адамның күнделікті тұрмыста болсын заман талабына қатысты болсын табиғи газдың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Унаспеков Б.Ә. Газбен жабдықтау Астана: 2011. 153с.
- 2 Ионин А.А. Газоснабжение: учебник М.: ЭКОЛИТ, 2018. – 440с.
- 3 Положение по проведению экспертизы промышленной безопасности на объектах газоснабжения. 2020. 384с..
- 4 Газораспределительная станция. Техническое описание и инструкция по эксплуатации 2015. 68с
- 5 Мешалкин, В. П. Компьютерный анализ и оптимизация структурно-параметрической надежности сложных систем газоснабжения / В.П. Мешалкин. - М.: Синергия, 2017. – 247с..
- 6 Колпаков, Александр Газоснабжение / Александр Колпаков. - М.: Бибком, 2019. – 468с
- 7 Пешехонов, Н. И. Проектирование газоснабжения (Примеры расчета) / Н.И. Пешехонов. - М.: ЭКОЛИТ, 2020. 148с.
- 8 Ионин, А. А. Газоснабжение / А.А. Ионин. - М.: ЭКОЛИТ, 2021. – 440с.
- 9 Пешехонов, Н. И. Проектирование газоснабжения (Примеры расчета) / Н.И. Пешехонов. - М.: ЭКОЛИТ, 2020. – 148с.
- 10 Газоснабжение - внутренние устройства. - М.: ФГУ ФЦЦС, 2018. – 657с.
- 11 Сайт магазина “Спира Берга”.
- 12 ҚР ҚНЖЕ 2.04.01-2011* Құрылыстық климотология. ҚР МЭЖТ құрылыс жұмысы бойынша комитеті. Астана, 2011.-116с.
- 13 Внутридомовое газовое оборудование В.А.Вершиловичь 2017. 320с.
- 14 Газоснабжение Н.В.Колпокова, А.С.Колпаков 2014. 202с.
- 15 Газоснабжение сельских населенных пунктов и сельскохозяйственных объектов. Учебное пособие. Т.В.Ефремова, П.П.Кондауров 2019. 109с.
- 16 Проектирование газораспределительных сетей из полиэтиленовых газопроводов Т. Н. Белоглазова 2010. 2010с.
- 17 Разработка методики определения оптимальных показателей надежности элементов систем газораспределения. В. А. Жила, Ю. Г. Маркевич, Е. Б. Соловьева 2016. 125с.
- 18 Управление качеством на этапах жизненного цикла объектов газоснабжения Т. Н. Прахова, Д. М. Сатаева. 2014, 144с.
- 19 Газоснабжение. Использование газового топлива. 2024. 256с.
- 20 "Газоснабжение. Учебник" 2023 г. 203с.
- 21 Газоснабжение: устройство и эксплуатация газового хозяйства : учебник для вузов / К. Г. Кязимов, В. Е. Гусев. 2019г. 222с
- 22 Агаев, Надир Информационно-технологические модели управления систем газоснабжения / Надир Агаев. - М.: LAP Lambert Academic Publishing, 2018. – 204с.
- 23 Брюханов, О. Н. Основы эксплуатации оборудования и систем газоснабжения. Учебник / О.Н. Брюханов, А.И. Плужников. - М.: ИНФРА-М, 2019.

– 256с.

24 Брюханов, О.Н. Основы эксплуатации оборудования и систем газоснабжения. Учебник. Гриф МО РФ / О.Н. Брюханов. - М.:ИНФРА-М, 2017. – 115с.

25 Брюханов, Олег Николаевич Газоснабжение. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Гриф УМО МО РФ / Брюханов Олег Николаевич. - М.: Академия (Academia), 2021. 915с.

26 Гидравлический расчет и проектирование газовых труб. Г. П. Комина, А. О. Прошутинский.2010. 148с.

27 Основы проектирования и эксплуатации систем газораспределения и газопотребления./ Колибаба О. Б., Никишов В. Ф., Ометова М. Ю. 2024ж. 204б.

28 Газоснабжение. / Шибeko А.С. - 2022. 520с.

29 Системы теплоснабжения, газоснабжения./ 2020. 60с.

ҚОСЫМШАЛАР

А Қосымшасы

А.1-кесте – Ұзындыққа шаққандағы газ шығыны

Кескін-дер саны	Газбен жабдықталған аймақ				Кескіннің ұзындығы, м	Ұаз шығыны, м ³ /сағ*м
	өлшемі, га	халықтар саны	бір кісіге шаққандағы газ шағыны	газ шығыны, м ³ /сағ		
18	13,7	343	0,067727	23	798,14	0,029
19	6,6	165	0,067727	11	690,86	0,016
30	10	250	0,067727	17	974,7	0,017
31	7,7	193	0,067727	13	1302,18	0,010
32	11	275	0,067727	19	1097,58	0,017
37	8,5	213	0,067727	14	988,22	0,015
38	6,8	170	0,067727	12	1194,58	0,010
39	6,5	163	0,067727	11	932,36	0,012
40	7,7	193	0,067727	13	830,93	0,016
46	11,3	283	0,067727	19	1177,19	0,016
47	9,4	235	0,067727	16	759,63	0,021
51	9	225	0,067727	15	1130,33	0,013
52	9,3	233	0,067727	16	773,14	0,020
Барлығы				199		

А.2кесте – Желі бөліктеріндегі газдың есептеу шығыны

Бөлік-тер саны	Бөліктер ұзындығы, м	Ұзындыққа шаққандағы газ шығыны, м ³ /сағ*м	Газ шығыны, м ³ /сағ			
			Qж	0,5Qж	Qж.ж	Qе
2-1	348,78	0,020	7	4		3,6
2-3	424,36	0,034	14	7		7,2
4-2	307	0,013	4	2	21	23,5
4-5	398,97	0,030	12	6		5,9
6-4	408,76	0,037	15	8	37	45,1
6-7	369,46	0,031	11	6		5,7
8-9	289,66	0,037	11	5		5,3
8-10	188,87	0,025	5	2	12	14,6
10-11	352,4	0,027	10	5		4,8
10-12	115,38	0,021	2	1		1,2
6-8	232,77	0,031	7	4	28	31,1
13-6	154,93	0,024	4	2	99	100,6
19-21	341,52	0,045	15	8		7,7

А қосымшасының жалғасы

А.2-кесте жалғасы

Бөліктер саны	Бөліктер ұзындығы, м	Ұзындыққа шаққандағы газ шығыны, м ³ /сағ*м	Газ шығыны, м ³ /сағ			
			Qж	0,5Qж	Qж.ж	Qe
19-20	349,34	0,033	12	6		5,8
19-18	199,52	0,027	5	3		2,7
22-19	230,82	0,039	9	5	32	36,9
22-23	225,8	0,046	10	5		5,2
14-22	440	0,027	12	6	52	57,9
14-15	308,9	0,032	10	5		4,9
14-16	232,32	0,020	5	2	18	20,2
16-18	199,52	0,027	5	3		2,7
16-17	349,2	0,029	10	5		5,0
16-12	115,38	0,021	2	1		1,2
13-14	154,93	0,024	4	2	96	98,2

А.3-кесте – Айнала жабық желілерде гидравликалық есептеу нәтижелері

Айна-ла жабық желілер саны	Бөліктер				Ағымдардың алғашқы бөлінуі			
	саны	көрші айнала жабық желілері	ұзындығы l, м	диаметрі d _H ×S, мм	газ шығыны, QP, м ³ /сағ	Δр/ l, Па/м	Δр, Па	1,1 Δр, Па
31	19-18		199,52	33,5x3,2	2,692	0,9	179,56	197,524
	22-19		230,82	88,5x40	36,921	0,66	152,34	167,575
	14-22		440	108x4	57,940	0,45	198	217,8
	16-18		199,52	33,5x3,2	2,692	0,9	-179,5	197,524
	14-16	38	232,32	60x3	20,187	1,4	-325,2	357,772
	$\alpha=(25,0932/0,5*1034,7)*100=4,85\%$							25,093
38	16-12		115,38	21,3x2,8	1,237	0,8	92,304	101,534
	14-16	31	232,32	60x3	20,187	1,4	325,24	357,772
	13-14		154,93	114x4	98,174	1	154,93	170,423
	10-12		115,38	21,3x2,8	1,237	0,75	-86,53	95,1885
	8-10		188,87	60x3,5	14,555	0,9	-169,9	186,981
	6-8		232,77	88,5x40	31,121	0,85	-197,8	217,64
	13-6		154,93	108x4	100,618	1,1	-170,4	187,465
$\alpha=(-52,314/0,5*1197,27)*100=8,73\%$							-52,31	1197,2

А қосымшасының жалғасы

А.4-кесте – Тұйық тармақтард гидравликалық есептеу нәтижесі

Тармақтар саны	Ұзындығы L, м	Qp, м3/сағ	DPт.уч.	(DP/l)т уч	днS	(DP/l)ф	DPт.уч.	1,1DPт.уч.
2-1	348,7	3,6	813,0	0,36	42,3x3,2	0,46	160,438	176,48
2-3	424,3	7,2			57x3	0,27	114,5772	126,03
4-5	398,9	5,9			48x3,5	0,55	219,4335	241,38
6-7	369,4	5,7			48x3.5	0,47	173,6462	191,01
8-9	289,6	5,3			48x3.5	0,44	127,446	140,19
10-11	352,4	4,8			42,3x3,2	0,34	119,816	131,8
16-17	349,2	5,0			48x3.5	0,38	132,696	145,97
19-20	349,3	5,8			48x3.5	0,50	174,67	192,14
19-21	341,5	7,7			57x3	0,32	109,286	120,22
22-23	225,8	5,2			48x3.5	0,50	112,9	124,19
14-15	308,9	4,9			48x3.5	0,50	154,45	169,9

Б Қосымшасы

Б.1 – кесте Экономикалық бөлімі

Ресурстардың атауы	Өлшем бірлігі	Барлығы		
		саны	біреуінің бағасы	жалпы бағасы
Ұңғыма сақинасы КС 10.9 (М200) МЕСТ 7473-2010	дана	236	13000	3068000
Бетонды тірек жастығы УГ 1.01.00 шығарылым 5.905-25.05	дана	62	34000	2108000
219x6 мм полителендік құбыры SDR 11 МЕСТ Р 54475-2011	метр	3136.3	12069	37852004.7
133x4 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	1988.8	4671	9289871.64
159x4,5 мм полителендік құбыры МЕСТ -18599	метр	2204.2	6089	13421191.1
114x4 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	2494.9	3713	9263712.22
38x3 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	1244.4	374	465420.56
33,5x3,2 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	1241.3	254	315300.36
89x3 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	1523.4	1958	2982817.2
57x3 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	1140.9	965	1100978.15
42,3x3,2 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	3645.9	576	2100015.36
21,3x2,8 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	710.88	120	85305.6
60x3 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	2231.5	1418	3164196.1
48x3,5 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	7334.7	895	6564583.35
108x4 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	998.2	4239	4231369.8
88,5x40 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	343.1	2862	981952.2
70x3 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	1000.3	1971	1971492.75
26,8x2,8 мм полителендік құбыры МЕСТ Р 54475-2011	метр	2306.8	160	369092.8
Ксилол МЕСТ 9410-78	литр	30	864	25920

Б Қосымшасының жалғасы

Б.1 -кесте жалғасы

Ресурстың атауы	Өлшем бірлігі	Барлығы		
		саны	біреуінің бағасы	жалпы бағасы
Мақта майлықтар(салфетка)	м2	25	158	3950
Белгі беру лентасы	метр	1089	5180	5641020
Қытайлық сападағы арматура 12 мм	метр	871	225	195975
Шкафтық газ реттеу орны ГРПН-300	дана	4	650000	2600000
Полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш бітеу ГОСТ Р 52134-2010	дана	4,5	2 616	11772
89х3 Муфта полиэтиленовая электросварная К ГОСТ Р 52134	дана	126	2500	315000
114х4Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш К ГОСТ Р 52134	дана	127	3250	412750
88,5х40Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш К ГОСТ Р 52134	дана	208	2400	499200
108х4 Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш К ГОСТ Р 52134	дана	29	3000	87000
133х4Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш К ГОСТ Р 52134	дана	166	4500	747000
159х4,5 Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш К ГОСТ Р 52134	дана	184	4730	870320
219х6 Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш К ГОСТ Р 52134	дана	261	5257	1372077
Электрлі муфталық аппарат DRG/V-500	дана	2	227000	454000
Экскаватор тиегіш	дана	75	80000	6000000
Самосвал 10м/куб	дана	15	60000	900000
Жұмысшылардың жалақысы	адам	18	250000	4500000
Барлығы				123971288

А Қосымшасының жалғасы

А.5 – кесте Апаттық жағдайда гидравликалық есептеу



№ уч	днS	луч.	Qав	dp ² /e	dp ²	№ уч	днS	луч.	Qав	dp ² /e	dp ²
1-11 бөлігі істен шыққан						1-2 бөлігі істен шыққан					
1-2	219x6	546.94	5466.2	10.3	5633.48	1-11	219x6	1023.36	5466.225	10.3	10541
2-3	219x6	783	5301.5	10	7830.00	11-10	219x6	783	4960.125	8.5	6655.5
3-4	219x6	394.53	5286.2	9.9	3905.85	10-9	219x6	1058.45	4795.445	8	8467.6
4-5	159x4,5	751.19	1055.2	2.3	1727.74	9-8	219x6	623.95	4780.013	8	4991.6
5-6	159x4,5	700.19	890.5	1.58	1106.30	8-7	219x6	687.92	4759.013	8	5503.4
6-7	159x4,5	761.02	869.5	1.5	1141.53	7-6	219x6	761.02	4596.733	7	5327.1
7-8	159x4,5	687.92	704.8	1	687.92	6-5	219x6	700.19	4575.733	7	4901.3
8-9	140x4	623.95	683.8	1.8	1123.11	5-4	219x6	751.19	4411.053	6.7	5033
9-10	140x4	1058.45	670.78	1.7	1799.37	4-3	89x3	394.53	179.98	1.4	552.34
10-11	133x4	783	506.1	1.25	978.75	3-2	10x3	693.24	164.68	2.4	1663.8
					25934.04						53636

А Қосымшасының жалғасы

А.6 – кесте – Апаттық жағдайда гидравликалық есептеу

Бөліктер			Шығындардың алғашқы бөлінуі				Шығындардың соңғы бөлінуі				Бөліктегі қысым, кПа	
№	dH*s, мм	l, м	Qбөл, м3/сағ	dp ² /l	dp2	dp ² /Q6 ол	Q	dp ² /l	dp2	l,1dp2,	Басты Р6	Соңғы
6-7	114x4	761.02	480	2.7	2054.754	4.28074	421.2019	2.45	1864.499	2050.9489	278	274
5-6	114x4	700.19	955	10	7001.9	7.33183	896.2019	7	4901.33	5391.463	286	277
4-5	159x4,5	751.19	1435	4.2	3154.998	2.1986	1376.202	3.2	2403.808	2644.1888	290	286
3-4	159x4,5	394.53	1833	8.3	3274.599	1.78647	1774.202	6.5	2564.445	2820.8895	295	290
2-3	219x6	783	2333	2.7	2114.1	0.90617	2274.202	2	1566	1722.6	297	295
1-2	219x6	546.94	2733.23	3	1640.82	0.60032	2674.427	2.8	1531.432	1684.5752	300	297
8-7	133x4	687.92	-450	1.2	-825.504	1.83445	-508.7981	1.4	-963.088	1059.3968	279	277
9-8	133x4	623.95	-895	3.4	-2121.43	2.37031	-953.7981	5	-3119.75	3431.725	284	278
10-9	159x4,5	1058.45	-1545	4.5	4763.025	3.08286	-1603.798	3.1	-3281.195	3609.3145	290	284
11-10	219x6	783	-2083	2.2	-1722.6	0.82698	-2141.798	2.9	-2270.7	2497.77	294	290
1-11	219x6	1023.36	-2733	3	-3070.0	1.12334	-2791.798	3.5	-3581.76	3939.936	300	293
	42,46>10%				6738.532	26.3421	9,38<10%		1615.021			


Өтенай елді-мекенінің бас жоспары



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- ⊙ - Участок нөмірі
- F=7,8 га - Участок ауданы
- N=195 - Участоктағы тұрғындар саны
- - Газ реттеу орыны
- - Төменгі қысымды газ желісі
- - Құрылыс объектітері жоқ аймақ
- - Газ таралу бабыты

Шкафтық ГРП-ның функционалды сұлбасы



ЭКСПЛИКАЦИЯ

- 1 - шкаф корпусы
- 2 - негізгі қысқарту сызығы
- 3 - үш жақты кран
- 4 - манометр
- 5,7 - шарлы крандар
- 6 - қауіпсіздік ағызу клапаны
- 8 - реттегішті қалпына келтіру желісі
- 9 - импульстік құбыр
- 10 - қауіпсіздік құлыптау құылғысы
- 11 - газ қысымын реттегіш
- 12 - қалпына келтіру шамы
- 13 - айналма жол

Елді мекенге сипаттама

Өтенай елді мекенінің суық мезгілдегі сыртқы ауасының температурасы -25°C , ал ауаның жылдық орташа температурасына келер болсақ $-8,3^{\circ}\text{C}$, жылыту мезгілінің ұзақтығы 173 күнді құрады. Бұл дипломдық жұмысымда Өтенай елді мекенін табиғи газбен жабдықтаудың себебі, бұл жерге бұрын газ жүргізілмеген. Сол себептен халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында және басқа отын түрлерінен болатын экологияға келіп жатқан зиянды азайту мақсатында табиғи газ жүргізілді. Тұрғындардың орташа тығыздығы Өтенай бойынша 25 адам.

Бұл елді мекенде орналасқан газ қолданушылары кондитерлік өнім дайындайтын орын, тамақтану орындары, өндірістік кәсіпорындар, емханалар бар.

Аймаққа жүргізілген газ желілері газ реттеу орындары (ГРО) арқылы негізгі, айналмалы және тұйықталған бөлімдерге жүргізілген.


ҚазҰТЗУ.6B07302.36-03.2024.ДЖ					
Жетісу облысы Өтенай елді-мекенін газбен жабдықтау					
өзг. код №	бет	док №	куні	көлем	беттер
Кафедра мең.	Алимова К.К.		13.06	0	1 5
Нормабасқал.	Хойтшев А.Н.		14.05		
Жетекші	Утасбеков Б.А.		15.05		
Келесіші	Бердали М.Н.		14.05		
Орындаған	Хисам Д.Ы.		14.05		
Негізгі бөлім				Өтенай елді мекенінің бас жоспары	
М 1: 10 000				С ж/е Қ институты ИЖ ж/е Ж кафедрасы	

Төмен қысымды газ желілері


ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- ⑫ - Участок нөмірі
- Q=12 м³/сағ - Кескіннің шығыны
- D= 48x3,5 - Кескіннің диаметрі
- L=349,34 м - Кескіннің ұзындығы
- ⑤ - Кескіндердің қиылысу номері
- ↔ - Ысырма

1 ГРПН-300



2 ГРПН-300



СПЕЦИФИКАЦИЯ

Белгілеу	Атауы	Маркасы	Метр	Ескерту
МЕСТ 50838-2014	Полиэтилен құбыры SDR 11, 33,5x3,2 мм	PE 100	1241	
МЕСТ 50838-2014	Полиэтилен құбыры SDR 11, 42,3x3,2 мм	PE 100	3646	
МЕСТ 50838-2014	Полиэтилен құбыры SDR 11, 48x3,5 мм	PE 100	7335	
МЕСТ 50838-2014	Полиэтилен құбыры SDR 11, 57x3 мм	PE 100	1141	
МЕСТ 50838-2014	Полиэтилен құбыры SDR 11, 60x3,5 мм	PE 100	2231	
МЕСТ 50838-2014	Полиэтилен құбыры SDR 11, 70x3 мм	PE 100	1000	
МЕСТ 5762-2014	dn X, фланецті, болат ысырма түрі	PN 16	1495	
МЕСТ 52134-2010	Бітегіш полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш	PE 100	118	
МЕСТ P 52134	Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш, 89x3	PE 100	3747	
МЕСТ P 52134	Электрлі дәнекерлегіш аппарат VOLL V-WELD	PE 100	4076	


ҚазҰТЗУ.6B07302.36-03.2024.ДЖ						
Жетісу облысы Өтенай елді-мекенін газбен жабдықтау						
өзг. код №	бет	доқ №	күні	кезең		
				о	бет	беттер
Кафедра мең.	Алимова К.К.		27.05			
Нормабасқал.	Хойтшев А.Н.		27.05			
Жетекші	Уманасқов Б.А.		27.05			
Келесші	Бердіали М.Н.		27.05			
Орындалған	Хасан Д.Ы.		27.05			
Негізгі бөлім				0	2	5
Төмен қысымды газ желілері				С ж/е Қ институты		
М 1: 5 000				ИЖ ж/е Ж кафедрасы		

Төмен қысымды газ желілері


ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- ⑫ - Участок нөмірі
- Q=12 м³/сағ - Кескіннің шығыны
- D= 48x3,5 - Кескіннің диаметрі
- L=349,34 м - Кескіннің ұзындығы
- ⑤ - Кескіндердің қиылысу нөмірі
- ↔ - Ысырма

3 ГРПН-300



4 ГРПН-300




СПЕЦИФИКАЦИЯ

Белгілеу	Атауы	Маркасы	Метр	Ескерту
МЕСТ 50838-2012	Полиэтилен құбыры SDR 11,33,5x3,2 мм	PE 100	1241	
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 42,3x3,2 мм	PE 100	3646	
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 48x3,5 мм	PE 100	7335	
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 57x3 мм	PE 100	1141	
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 60x3,5 мм	PE 100	2231	
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 70x3 мм	PE 100	1000	
МЕСТ 5762-2002	dn X, фланецті, болат ысырма түрі	PN 16	1495	
МЕСТ 52134-2010	Бітегіш полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш	PE 100	118	
МЕСТ P 52134	Муфта полиэтилендік электрлі дәнекерлегіш,89x3	PE 100	3747	
МЕСТ P 52134	Электрлі дәнекерлегіш аппарат VOLL V-WELD	PE 100	4076	


ҚазҰТЗУ.6B07302.36-03.2024.ДЖ				
Жетісу облысы Өтенай елді-мекенін газбен жабдықтау				
өң. код №	бет	док №	қолы	күні
Кафедра мең.	Алимова К.К.			21.06
Нормабасқал.	Хойтшев А.Н.			21.06
Жетекші	Уманасқов Б.А.			21.06
Келесші	Бердали М.Н.			21.06
Орындаған	Хасан Д.Ы.			21.06
Негізгі бөлім			кезең	бет
			0	3
Төмен қысымды газ желілері			С ж/е Қ институты	
М 1: 5 000			ИЖ ж/е Ж кафедрасы	

Орташа қысымды газ желілері


1-2 бөлігі істен шыққан кездегі жұмысы



1-11 бөлігі істен шыққан кездегі жұмысы



Қалыпты жағдайдағы жұмысы



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Белгілеу	Аталуы
ГТС	Газ тарату станциясы
ҚТО	Қоғамдық тамақтану орындары
ГРО	Газ реттеу орындары
НХ	Наубайханалар
АК	Аудандық қазандық
ӨК	Өндірістік кәсіпорындар
МШ	Моншалар
ТҚКО	Тұрмыстық қызмет көрсету орындары

СПЕЦИФИКАЦИЯ


МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 114x4 мм	PE 100	2495
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 133x4 мм	PE 100	1989
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 159x4 мм	PE 100	2204
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 219x6 мм	PE 100	3136
МЕСТ 50838-2011	Полиэтилен құбыры SDR 11, 108x4 мм	PE 100	3951
МЕСТ P 52134	Муфта полиэтилендік электросвар,108x4 ҚР СТ	PE 100	126
МЕСТ P 52134	Муфта полиэтилендік электросвар,133x4 ҚР СТ	PE 100	127
МЕСТ P 52134	Муфта полиэтилендік электросвар,133x4 ҚР СТ	PE 100	166
МЕСТ P 52134	Муфта полиэтилендік электросвар,159x4,5 ҚР СТ	PE 100	184
МЕСТ P 52134	Муфта полиэтилендік электросвар,219x6 ҚР СТ	PE 100	261

ҚазҰТЗУ.6В07302.36-03.2024.ДЖ				
Жетісу облысы Өтенай елді-мекенін газбен жабдықтау				
өзг. код №	бет	док №	күні	көлем
Кафедра мең.	Алимова К.К.		13.05	беттер
Нормабасқал.	Хойтшев А.Н.		14.05	0
Жетекші	Уманасқов Б.А.		14.05	4
Келесіші	Бердали М.Н.		14.05	5
Орындаған	Хасан Д.Ы.		14.05	
Негізгі бөлім			Орташа қысымды газ желілері	
М 1: 10 000			С ж/е Қ институты ИЖ ж/е Ж кафедрасы	

Технологиялық карта




Шартты белгілер



МАШИНАЛАР МЕН МЕХАНИЗМДЕРГЕ ҚАЖЕТТІЛІК ВЕДОМОСІ

Атауы	Маркасы, техникалық сипаттамасы	Саны	Мақсаты
1. Бульдозер	CURUROVA 884	1	Өсімдік қабатын кесу, қайта толтыру
2. Тістері бар тік күрек экскаваторы	CURUROVA 884	1	Үйіндіге топырақ траншеяларын және көлік құралдарына әзірлеу



Қауіпсіздік техникасы бойынша іс-шаралар

жабдықтау құбырларын төсеу қауіпсіздігі — арнайы талаптар мен ережелерді қатаң сақтауды қажет ететін маңызды аспект. Жұмысты бастау үшін рұқсат беру құжаттары алу қажет. Алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілуі керек, соның ішінде топырақтың құнарлы қабатын алу және құбырлардың өту осьтерін белгілеу. Жер жұмыстары барысында траншеялар мен қазаншұңқырларды қазу кезінде қауіпсіздікке ерекше назар аударылады, бұл топырақтың опырылуын және жұмысшылардың жарақат алуын болдырмау үшін қажет. Жұмыс аймағы қоршалып, ескерту белгілерімен белгіленуі тиіс.

Жер қазу техникасын қазаншұңқырлардың жанында пайдалану ерекше сақтықты және техниканың траншеяға құлауын болдырмау үшін бақылаушының тағайындалуын талап етеді. Қазылған топырақ траншея шетінен қауіпсіз қашықтықта сақталуы керек, ал химиялық заттардың белгілері байқалған жағдайда жұмыс дереу тоқтатылып, жұмысшылар эвакуациялануы тиіс.

Жұмыстарды орындау кезінде сақтық шараларын сақтау және беткейлер мен бекіткіштердің жағдайын үнемі бақылау маңызды. Авариялық жағдай немесе қауіпті жағдайлар туындаған кезде жұмыс дереу тоқтатылады, ал жұмысшылар қауіп жойылғанша эвакуацияланады.

жабдықтау құбырларын төсеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірнеше маңызды қадамдарды орындау қажет. Біріншіден, жұмысқа кіріспес бұрын барлық рұқсат құжаттарын рәсімдеу керек. Жұмыс аймағын мұқият дайындау қажет, атап айтқанда топырақтың құнарлы қабатын алу, трасаның өту осьтерін белгілеу және жұмыс орнын ескерту белгілерімен белгілеу.

қазу жұмыстары кезінде траншеялардың бүйірлері құлап кетпеуі үшін сақтық шараларын сақтау керек. Бұл жұмысшылардың жарақат алу қаупін азайтады. Егер химиялық заттардың немесе басқа қауіпті материалдардың белгілері байқалса, жұмыс дереу тоқтатылып, жұмысшылар қауіпсіз аймаққа көшірілуі керек.

Бақылаушы техниканың траншея шетіне тым жақын орналаспағанына және оның тұрақтылығын бұзбайтынына көз жеткізуі керек. Қазылған топырақ траншеяның шетінен кемінде бір метр қашықтықта орналастырылуы керек.

Жұмысшылардың қазаншұңқыр ішінде қауіпсіз қозғалуы үшін арнайы баспалдақтар мен өтпе көпірлер әрбір 300 метр сайын орнатылуы керек. Егер беткейлер ылғалдана, жұмысқа кіріспес бұрын жауапты адам олардың тұрақтылығын тексеруі керек.

жағдай немесе қауіпті жағдайлар туындаған кезде жауапты тұлға жұмысшыларды дереу эвакуациялауы және қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауы тиіс. Жұмыс тек барлық қауіптер жойылғаннан және жағдайдың қауіпсіз екендігі расталғаннан кейін ғана жалғасуы мүмкін.

жабдықтау құбырларын төсеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық нормативтік талаптар мен ережелерді қатаң сақтау қажет. Бұл жұмысшылардың жарақат алу қаупін азайтады және құбыр жүйесінің ұзақ мерзімді сенімділігін қамтамасыз етеді.

Жұмыс жүргізудің күнтізбелік кестесі

№/п	Жұмыс атауы	Көлем		Еңбек шығ. Адам күн. Маши. күн.	Машиналар мен механизмдер		Жұмыс күнінің ұзақтығы	Ауысым саны	Ауыс-ы жұмысшы саны	Жұмыс жүргізу кестесі																																					
		Өлшем бір.	Саны		Маркасы	Саны				Күндер																																					
										5	10	15	20	25	30	35	40	45	50	55	60	65	70	75	80	85	90	95	100	105	110	115	120														
1	Бульдозермен өсімдік қабатын кесу	100 м ²	167,7	-	CURUROVA 884	1	7	1	2	7																																					
2	Эксковатормен траншея қазу	100 м ³	618	-	CURUROVA 884	1	47	1	2			47				7																															
3	Уақытша қоршау құрылғысы	100 м	670	95	-	-	7	1	10			45																																			
4	Траншеялардың түбін қолмен өңдеу	10 м ³	347,7	77	-	-	45	1	6							5																															
5	Көпірлер орнату	Дана	223	44	самосвал	-	5	1	6																																						
6	Траншеяға құбырларды тастау	100 м	268	29	-	-	23	1	6																																						
7	Құбырларды дәнекерлеу	100 м	268	25,3	-	-	26	1	6																																						
8	Бетон құдықтарын орнату	Дана	236	33	самосвал кран	-	7	1	6																																						
9	Ысырмаларды орнату	Дана	118	24	-	1	5	1	5																																						
10	Газ құбырларын беріктікке сынау	100 м	268	29	-	-	23	1	6																																						
11	Уақытша қоршауларды алып тастау	100 м	268	134	-	1	5	1	7																																						
12	Бульдозермен траншея бетін жабу	100 м ³	593	28	CURUROVA 884	1	21	1	2																																						
13	Топырақты тығыздау	100 м ²	6700	32	CURUROVA 884	1	21	1	10																																						

				ҚазҰТЗУ.6В07302.36-03.2024.ДЖ		
				Жетісу облысы Өтенай елді-мекенін газбен жабдықтау		
өңг. код №	бет	доқ №	күні	кезегі	бет	беттер
Кафедра мең.	Алимова К.К.		27.06	0	5	5
Нормативтік	Хойшев А.Н.		24.05			
Жетекші	Умансёв Б.А.		24.05			
Келесші	Бердін М.Н.		24.05			
Орындаған	Хисан Д.Ы.		24.05			

С ж/е Қ институты ИЖ ж/е Ж кафедрасы